

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты  
Акажанова Алмагуль Аманжоловнаның  
6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия  
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
«Қазақ ұлттық ойындары арқылы оқушылардың дүниетанымын  
қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері»  
тақырыбына жазған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

### **ПІКІРІ**

Дүниежүзілік ақпараттық білім беру кеңістігінің қалыптасуы және жаһандану үдерісінің жеделдеуі жағдайында қазіргі кезеңдегі білім беру саласы жаңа жүйе құруды талап етуде. Осыған байланысты қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігіне ену бағытын ұстанып отыр. Уақыт талабына сәйкес білім мазмұнын жанарту – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде жаңа тұлғаны қалыптастыру мақсатында сан алуан жұмыстар атқарылуда. Сол жұмыстардың маңыздысы – білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіру және білім мен тәрбиені ұлттық рухта бере отырып, оны әлемдік білім жүйесімен үйлестіру.

Ұрпақтың рухани тәрбиесінің өзегі – ұлттық құндылықтар екені белгілі. Ұлттық құндылықтардың сан қырлылығы оларды жас ұрпақ санасына тиімді жеткізудің әдістерін іздестіруді қажет етеді. Халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдеп-дағдысын ойын арқылы сіңіру – мазмұны терең әрі тәрбиелік мәні жоғары үрдіс. Шынында да, ұлттық ойындар баланы жас кезінен бастап адалдыққа, батылдыққа, отаншылдыққа, адамгершілікке және мейірімділікке тәрбиелейді. Сондықтан халықтық ойындардың табиғатын, даму тарихын, тәрбиелік мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда зерттеу және оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдану өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі заманда әлеуметтік, мәдени және рухани маңызы бар ұлттық ойындар салауатты өмір салтын насихаттауға, тұлғаның рухани сауығуына және мотивациялық дамуына оң әсерін тигізуде. Сонымен қатар ұлттық ойындар қазақ халқының мәдениетін әлемге танытудың маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Зерттеу барысында ұлттық ойындардың оқушылар дүниетанымын қалыптастырудағы рөлі мен маңызы айқындалды, олардың тиімділігі жан-жақты талданды. Диссертациялық жұмыста ұлттық болмысқа негізделген ұлттық ойындарды дамыту қажеттілігі және олардың жас ұрпақты тәрбиелеу үдерісіне оң ықпалы ерекше көрсетілді. Зерттеудің ғылыми тұжырымдары ұлттық ойын атауларының қалыптасуы мен шығу принциптерінің ұлттық дүниетаныммен тығыз байланыста екенін дәлелдейді. Диссертанттың қазақ мәдениетіндегі ойын түрлерінің көшпелі өмір салты нәтижесінде пайда болғаны жөніндегі пікірі ғылыми негізді болып табылады.

Диссертацияда халық арасында кең тараған көне ұлттық ойын атауларының мазмұны, олардың этнографиялық және тілдік табиғаты, шығу

тегі мен қалыптасу жолдары жүйелі талданады. Халықтық спорт түрлерінің атаулары көбіне белгілі бір лексикалық мағынасы бар сөздер мен сөз тіркестеріне негізделетіні анықталған. Көптеген атаулар метонимиялық немесе метафоралық негізде екінші номинативтік мағына алып, ойын атауына айналғаны жөнінде ғылыми қорытынды жасалған. Ұлттық ойын атауларының қазақ халқының менталды-этномәдени танымына сәйкес ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғаны дәлелденген.

Ұлттық ойындар негізінен этнографиялық тұрғыдан зерттеліп келгенімен, олардың атауларының лингвистикалық сипаты жан-жақты қарастырылмаған. Сондықтан орта білім беру жүйесіндегі қазақ тілі сабақтарында ұлттық ойындарды қолдану барысында ойын атауларының этимологиялық, этномәдени және тәрбиелік қырларын қамтитын әдістеме ұсыну – осы зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Халықтық тәрбиеге негізделген оқыту үдерісі ұлттық ойындардың дамуына, олардың оқу-тәрбие жүйесінде кеңінен қолданылуына мүмкіндік береді. Алайда ұлттық дүниетанымның бай мұрасы толыққанды зерттеліп, жүйелі түрде пайдаланылмаса, оның біртіндеп көмескіленуі ғажап емес. Сондықтан ұлттық ойындар арқылы жас ұрпақ тәрбиесіне рухани үлес қосу – аса маңызды әрі өзекті бағыт болып саналады. Зерттеу – талапқа сай ұтымды даярланған еңбек. Диссертацияны қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

Орталық ұлттар университетінің  
профессоры, доктор



Жаң Динджиң (靳进)  
(ҚХР, Бейжің қаласы)